

700 000 000

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы Ж.Қ.Асановқа

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Сізді Елбасы сенім білдіріп, тағайындаған қызметіңізбен шын жүректен құттықтаймын. Алдағы уақытта сот жүйесін дамыту үшін жасайтын жұмысыңызға табыс тілеймін. Сізге хат жазуыма төмендегі мән-жай себеп болып отыр.

Мен, Матирова Зағипа 1986 жылдан бастап Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Е.Көшербаев көшесі, №9 үйде тұрып келемін. Бұл үйді марқұм күйеуім Жансапов Әміртайға иісі, яғни менің қайным марқұм Жансапов Темірхан көшіп бара жатып, «өз атыңа аударып аларсың» деп, үйдің барлық құжаттарын тастап кеткен. Алайда отбасымызда түрлі жағдайлар болып аталған үйдің құжаттары тиісті түрде рәсімделмеді. Оны менің өзімде білмей ұмытып кеткенмін.

Үстіміздегі жылдың тамыз айының 15-жұлдызында марқұм қайным Т.Жансаповтың әйелі Мусипова Әсем мен тұрып жатқан үйді даулап, Қазалы аудандық сотына бізді барлық отбасымызбен бірге тұрып жатқан үйімізден еріксіз шығару туралы талап арыз берді.

Істі қараған судья Оспанов Мұрат Бектайұлы істі толықтай зерттеп, бәріміздің түсініктерімізді тыңдап, әділдік пен парасаттылық принциптерін басшылыққа алып, қазан айының 12-жұлдызында менің пайдама талапты қанағаттандырарлық шешім шығарды.

Сонда да болса келінім Ә.Мусипова сот шешімімен келіспей, Қызылорда облыстық сотына шағым берді. Аққа Құдай жақ демей ме? 13-желтоқсан күні Қызылорда облыстық сотында сот отырысы болып, онда Қазалы аудандық сотының шешімі өзгеріссіз қалдырылып, мені бір қуантты.

Осы жасыма келгенше басыма іс түсіп, сот алдына келіп көрмеп едім. Осы жағдайдан кейін елімізде сот саласында іргелі реформалар жүргізілгенін байқадым. Әлбетте, сот төрелігін жүзеге асыруда әуелі судьялардың әділдігі талап етілетіні хақ. Қазалы аудандық сотының судьялары сот төрелігін уақытылы, заң талаптарына сай, әділетті, сапалы түрде жұмыс жасауға машықтанғанын байқадым. Сот жүйесінің ашықтығы мен әділдігіне тәнті болдым.

Мен судьялардың қызметі – егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайту, халқымыздың береке-бірлігін сақтау деп білемін. Осындай да дана халқымыздың «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның жерін жау араламайды» деген сөзі ойға оралады. Әділдіктің туын желбіретіп жүрген Қазалы аудандық сотының судьяларына өзімнің аналық мейіріміммен алғысымды айта отырып, соттың халық алдындағы беделін күшейтуге, халықтың сотқа деген сенімін ұлғайтуға бағытталған жұмыстарды атқаруда сәттілік тілеймін.

Құрметпен,
Қазалы ауданының тұрғыны:

3.Матирова

